ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 18 қараша Іс №7119-24-00-2/14099 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы судья А.К.Джакупов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Eco System» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«Medical Part» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
«Куанышева» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2.тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4,-223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою арызы ішінара қанағаттандырылсын.

«Куанышева» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Куанышева» жеке кәсіпкерінен Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Eco System» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының пайдасына 47 667 (қырық жеті мың алты жүз алпыс жеті) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 1 430 (бір мың төрт жүз отыз) теңге мөлшерінде төленген мемлекеттік баж өндірілсін.

«Куанышева» жеке кәсіпкерінен мемлекеттік кіріске мемлекеттік баж 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Джакупов А. К., 18.11.2024
7119-24-3-1/13493

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Eco System» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының жауапкер «Medical Part» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қатысты талап қоюы – қанағаттандырылудан бас тартылсын.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.К.Джакупов

Көшірмесі дұрыс

Судья А.К.Джакупов

Шешімнің заңды күшіне енген күні 26 желтоқсан 2024 жылы

Судья А.К.Джакупов

Құжатқа қол қойылған: Джакупов А. К., 18.11.2024

7119-24-3-1/13493